

## Осы шақ және қалып етістіктері

Қайсар Қадырқұлов, ф.ғ.к, ҚазҰУ

Қазіргі қазақ тілінде етістіктің осы шақ категориясын оқытуда бірізділік жоқтың қасы. Әсіресе, нақ осы шақтың екі түрін де қалып етістіктеріне теліп алып, жалпы шаққа тән ережелер мен етістіктің өзіне арналған қағидаларға қайшы келетін тұстарға мән беруді оқыту үдерісі барысында назардан жиі тыс қалдыратын болдық. *Осы шақ дегеніміз - қимыл немесе іс- әрекеттің сөйлеп тұрған уақытта болуы.* Барлық оқулықтар мен зерттеу еңбектерінде дәл осындай ереже бірдей үлгіде берілген. Ал *...түбір етістіктер екінші жақ тарапқа тікелей бұйыру я тілек айту мағынасын (сен оқы, сен сөйле) білдіріп, бұйрық(императив) я тілек(оптатив) рай формасымен түрлес те, орайлас та болатындықтан, грамматикада бұйрық - тілек(императив - оптатив) райының жекеше түрінің екінші жағының формасы жасалады (1); ...етістіктің түбірі болып бұйрық райдың 2-жақ, жекеше түрі саналады: ал, бер, қал, жаз, байқа, сыпыр.* Бұл қалыптағы етістіктер тек болатын істі, қимылды, қозғалыс, әрекетті ғана білдіреді. Сонымен қатар бұлардан бұйрық мән де байқалады, бірақ ол етістіктің лексикалық мағынасы емес, ондағы істің болмысқа қатынасын, яғни істің кімге арналғандығын білдіреді(2);...етістіктің түбірі жалаң түрде екінші жақ жекеше *сен* деген жіктеу есімдігіне қарата бұйырылып: *жаз(сен жаз), әкел(сен әкел), ойлан(сен ойлан), бітір(сен бітір)* т.б. осы сияқтанып айтылады(3);...қазақ тілінің өзге жүйелі тілдерден айырмашылығы - етістіктің негізгі түбірі бұйрық райдың 2- жақ жекеше түріне тең. Мысалы: *бар, жақ, оқы, айт, кел, кет.* Етістіктің бұл тұлғаларында болған істі, қимылды, амал, әрекетті білдірумен қатар, екінші жақтағы адамға сол қимыл, амал, әрекетті істеуді бұйыру мәні де бар(4) деген ережелер де - етістіктердің қандай сөз табы екендігіне берілген бір үлгідегі тұжырымдар. Осы шақ пен етістіктің ережелерін біліп болғаннан кейін нақ осы шақтың жай түрін сөз етіп, оны оқытудың қандай қисынсыз екендігіне көз жеткізуді мақсат етіп қойдық. Өйткені *отыр, тұр, жүр, жатыр* қалып етістіктері тікелей жіктелу арқылы нақ осы шақты білдіретіні барлық оқулықтарда берілген. Шынында да, солай ма? Қазақ тілінің морфология саласына арналған «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында *... адамзат атаулының қай-қайсысы болсын я жатқан, я тұрған, я жүрген, я отырған жағдайда ұшырасады және олардың амал- әрекеттері сол аталған қалыптың бірінде жүзеге асады. Осындай табиғи күй - жағдайлардың атауы есебінде жұмсалатын етістіктер қалып етістіктері деп аталады* , - делінген (1). *Табиғи күй - жағдайдың атауы есебінде жұмсалса*, етістік бола алатындығына күмән туады. *Жүзеге асқан қалыпты білдірсе*, осы шақ екендігіне күмән туады. Сонымен қатар, адамзаттың төрт қалыптың бірінде болатындығынан бастау алып, *ат қорада тұр* деген мысал да келтіріледі( ат тек үш қалыпта ғана болады). Қалып етістіктері есім сөздерше морфологиялық қызмет атқарады. Етістіктің сұрағына жауап бермейді. Етістіктер секілді түбір күйінде бұйрық райдың екінші жағында айтылмайды. Жіктелген кезде сөйлеп тұрған уақыттағы қимылды білдірмейді. Осы төрт айрықша белгісіне қарай отырып, *олардың тікелей жіктелуін - нақ осы шақтың жай түрі* деуіміз қисынға келмейді.

Академик Н.Сауранбаев: «Нақтылы осы шақ көсемшенің *-ып, -іп, -п* жұрнақты түріне *жүр, жатыр, тұр, отыр* етістіктері жалғасуы арқылы жасалады», - дейді(2). Нақ осы шақтың жай түрі туралы(қалып етістіктерінің тікелей жіктелуі туралы) бұл еңбекте сөз де болмайды. Ал профессор Қ.Жұбанов «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулерінде» *нақ осы шақтың орнына дәл осы*

**шақ** терминін қолданады да, оны төрт түрге бөледі: жалпы осы шақ(Бейімбет пьеса жазып жатыр), кәдімгі осы шақ(Бейімбет кітап жазып жүр), қазіргі осы шақ(Бейімбет кітап жазып отыр), әзіргі осы шақ(Күн құйып тұр). Бұл еңбекте де көсемше тұлғалы етістік пен төрт қалып етістігі жалғасып келіп, осы шақты білдіреді. Нақ осы шақтың жай түрі туралы пікір айтылмайды(5). Профессор М.Оразов етістіктердің лексика -семантикалық топтарын анықтай келіп, оның біріне **қалып-сапа етістіктерін** жатқызады: сапаның өзгеруі – *ұзаю, азаю, сөну* ; қалып-күйді білдіруі - *азу, толу, қисаю*; таза қалыптық мәнді білдіруі – *отыр, тұр, жүр, жатыр*(6). Әрине, бұл тұста таза қалыпты білдіретін етістіктің **жатыр** түрін **жат** күйінде берген орынды болар еді. Сонда қалып етістіктері нағыз етістік қалпына түсіп, екінші жақтағы бұйрық қызметін(түбір тұлғада) иеленеді. Жеке тұлғада да, көмекші мәнде де етістіктің негізгі формаларын қабылдап, шақтың барлық түрлерінің қызметін атқарар еді(нақ осы шақтың жай түрінен басқасын). Бүгінгі біз оқытып жүрген оқулықтардың бәрі төрт қалып етістігін түбір күйінде тікелей жіктелуімен ерекшелейді(мен тұрмын, ол отыр). Бірақ олардың көмекші қызмет атқарғанда да тікелей жіктелетініне назар аудармайды(мен тындап тұрмын, мен сөйлеп отырмын). Олар қалып етістігі қызметін атқармағанның өзінде де тікелей жіктеле береді: *Кезекпен карта алдында тұрып жауап беріп жатырмыз*(«Алматы ақшамы»,04.02.2016) сөйлеміндегі күрделі етістік - **жауап беріп жатырмыз** қалыпты білдірмейді. Ал **тұр** етістігінің шаққа қатысы жоқ, тек қалыпты ғана білдіреді. Міне, осыдан келіп, *отыр, тұр, жүр, жат* тұлғасындағы етістіктер(екінші жақ, бұйрық райда) мен қалыпты білдіретін *отыр, тұр, жүр, жатыр* сөздері бірдей қызмет атқара алатындығына күмән туады. Соңғы төртеуін етістік емес, «сөз» деп алуымыздың да себебі бар. Өйткені қалып етістіктері қимылды емес, қимылдан соңғы жай-күйді білдіреді. Мысалы: **Екі ауылдың арасында тау тұр** сөйлемінен қимылды да, әрекетті де, қимылдың қалпын да көре алмайсыз. Бұл сөйлемнің мағынасы **Екі ауылдың арасында тау бар** сөйлемімен үндес келеді. Яғни, **тұр** мен **бар** сөздерінің беретін ұғымы - бірдей. Грамматикалық тұрғыдан да бір-біріне сәйкес келеді. Бірінші сөйлемнің баяндауышы - **тұр**. Екінші сөйлемнің баяндауышы - **бар**. Екеуі де сұраққа жауап бермейді. Осы тұста академик Н.Сауранбаев пен проф.Қ.Жұбановтың нақ осы шаққа оның күрделі түрін ғана ұсынуының дәлелдірегін ұғына бастайсың. Егер *отырып жатыр, тұрып жатыр, жатып жатыр* десек, қалыптың жүзеге асу барысындағы нақ осы шақты түсінеміз. Бұлар - біз сөйлеп тұрған сәттегі үдерістер. Үдеріс біткен соң қимыл иесі *отырған, тұрған, жатқан* қалыпқа түседі. *Жүріп жатыр* десек, нақ осы шақта тұрады да, басқа қимыл, әрекетті(аман - есен) білдіреді. Қалып жоқ. *Тұрып жүр, отырып жүр, жатып жүр*(осы үйде) десек, **жүр** етістігі қалыпты емес, нақ осы шақты жасайтын көмекші етістіктің қызметін атқарады. Берілген күрделі етістіктердің құрамындағы көмекші қызмет атқарып тұрған *жатыр, жүр* етістіктері қалыптық емес, шақтың созылықтық мәнін айқындайды. Сондықтан *отыр, тұр, жүр, жатыр* сөздері негізгі етістікпен тіркесіп келіп қана қимылдың қандай қалыпта болып жатқанын(жазып отырмын, яғни отырған қалыпта жазу), болғанын(жазып отырдым, яғни отырып жаздым), болатынын(жазып отырармын, яғни отырып жазармын)көрсетеді. Зерттеу еңбектері мен оқулықтарда *қалып етістігі* деп ерекшелеген *отыр, тұр, жүр, жатыр* сөздерінің көмекші етістіктермен түбір күйінде тіркесе алатындығына баса назар аудартып, осы шақ формасында ұсынады. Олардың **еді** көмекші етістігімен тіркескен үлгісін мысал ретінде береді: *отыр еді, жатыр еді, тұр еді, жүр еді*. Біздің бұған қосарымыз – олардың **екен** көмекші тұлғасымен де тікелей тіркесе алатындығы: *отыр екен, жатыр екен, тұр екен, жүр екен*. Шынына келгенде, **еді, екен** көмекші етістіктері жедел өткен шақ пен есімшенің өткен шақ формасында тұрғанын ескерсек, есім сөздердің қызметін атқаратын(*ұл еді, ұл екен* секілді) «қалып етістіктері» бұл тұста да осы шақтық категорияны иелене алмайтын сияқты. *Отыр еді, отыр екен* күрделі сөздері - болып жатқан қимылдың емес, аяқталған әрекеттің нәтижесі. Нақ осы шақтың күрделі түрі ғана

етістіктің шақ категориясы талабының үрдісінен шыға алады. Ғылым Академиясының «Қазақ тілінің грамматикасында» нақ осы шақтың жатыс септігіндегі **У** тұлғалы қимыл есімді түрі де ұсынылады: *жүргізудемін, ізденудесіздер*. Профессор М.Оразов бұл жердегі осы шақты білдіріп тұрған жатыс септігінің қосымшасы(-да, -де) екендігін ерекшелейді: *Бір жағынан байлар қазақты орыстарға түртпектеуде. Совет өкіметі кеткендердің қайтуына түрлі жағдай жасауда(б)*. Бәрібір, бұлардың да беретін мағынасы нақ осы шақтың күрделі түрінікіндей: *жүргізіп жатырмын, ізденіп жүрміз, түртпектеп жүр, жасап жатыр*. Сонымен қатар, **академграмматикада** -улы, -улі тұлғалы етістіктердің *жатыр, тұр, отыр, жүр* етістіктерімен тіркесіп келіп, 3- жақтық нақ осы шақ мәнін білдіре алатындығы айтылған: *Бір күрек пен бір қайла керегеге сүйеулі тұр(Ғ.Мұстафин)*. *Есік жақта тілерсектері дір дір етіп екі ешкі мен бір арық торпақ та байлаулы тұр(Ғ.Мүсірепов)*. Егер берілген екі сөйлемнің баяндауыштарын дара күйде алатын болсақ, нақ осы шақтың жай түрі алдыңыздан қайта шығады. *Сүйеулі мен байлаулы* пысықтауыштың қызметін(қалай тұр?) атқарып кетеді(малдың бос тұруы да мүмкін ғой). Ал баяндауышын күрделі етістік күйінде алатын болсақ, тағы да нақ осы шақтың(оқулықтарда айтылып жүргендей) жай түрі алдыңды орағытады. Негізінен, *сүйеулі немесе байлаулы тұру* үшін алдымен оларды *сүйеу* немесе *байлау* керек емес пе?! Яғни, *сүйеп* немесе *байлап* қояды. Бұл – өткен шақ. Зат *сүйелген* не *байланған* қалыпта қалды. Бұдан кейін іс істеушінің қатысы болған жоқ. *Ешкі* мен *торпақ* қимылдаса да, *қайла* мен *күректің* қозғалмасы анық. Бірақ біз сөйлемнен қандай қимыл жасағанын емес, қандай қалыпта тұрғанын ғана ұғына аламыз. Нақ осы шақтың жай түрінің шақтық сипат иелене алмайтындығын етістіктің **-улы, -улі** формасы тағы бір дәлелдеп береді.

Әрине, қаншама жылдар төрт етістіктің(отыр, тұр, жүр, жатыр) тікелей жіктелуі нақ осы шақтың жай түрі есебінде оқытылып келгендіктен, оны бірден үзілді - кесілді жоққа шығару мүмкін емес. Алайда, оқыту үдерісі кезінде етістікке тән морфологиялық ерекшеліктерді екшей отырып, ережеге қайшы келетін тұстарды білікті маман өзі- ақ сұрыптап отырғаны жөн. Ғылыми тұжырымдардың бәрі бірдей қолданыстан көрініс таба бермейді. Сол көрініс байқалмаған соң, зерттеу жұмысы қайта жалғанады. Ғылым дегенің - осы. Нақ осы осы шақтың жай түрін шақ сипатында қабылдаудан танбаймыз десек, оның болымсыз түріне назар аударсақ та жеткілікті: *Мен отырған жоқпын, сен отырған жоқсың, ол отырған жоқ*. Осылай жіктеліп, осылай оқытылып келеді. Егер отырмаса, қимылдың әлі болмағаны ғой. Егер отырмаса, не тұрған, не жүрген, не жатқан қалыпта болғаны ғой. Отырған жоқпын дегенше, қай қалыпта екенін болымды түрде айтуға тиіс қой. Шындығына келгенде, **Мен отырған жоқпын** өткен шақтың болымсыз түрі (Мен отырдым) ғой. Бұларды айшықтап дәлелдеу - алдағы іс.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. - Алматы: Ана тілі, 1995. – 192 б.
2. Сауранбаев Н. Қазақ тілі. - Алматы: Қазполитграф, 1953.- 220 б.
3. Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология, 1- том. - Алматы: Ғылым, 1967. – 264 б.
4. Әбуханов Ғ. Қазақ тілі. - Алматы: Мектеп, 1982. – 283 б.
5. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы: Мем.тіл дамыту инст., 2010.- 608б.
6. Оразов М. Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктері.- Алматы: Мектеп, 1980. – 174 б.

#### Резюме

В данной статье рассматриваются виды настоящего времени и категория состояния. Также предлагаются новые рекомендации связанные с простым видом настоящего времени и указываются конкретные правила о составлении предложения в настоящем времени.

### **Resume**

In this article considered about types of present continuous tense and state verbs. Offered new recommendations of simple type present continuous tense and specified specific regulations about the way of make of present continuous tense.